

## Мәртөк ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 24 қазандағы № 4 "Мәртөк ауылы көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Мәртөк ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 5517 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Мәртөк ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 қазандағы № 4 "Мәртөк ауылы көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-8-100 тіркелген, 2009 жылғы 18 қарашадағы "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесіндегі "ҚР жергілікті мемлекеттік басқару" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауылдық округінің әкімі

M.Ауелбеков